




қосарлану байланыстың беріктігін шамамен қос байланыспен қосарланудағы сияқты мөлшерде азайтады.

Радикалдар реакциялары. Химиялық қанықпаған бөлшектер болғандықтан радикалдардың реакциялық қабілеттілігі жоғары болады және әр түрлі реакцияларға өте үлкен жылдамдықпен қатысады. Активтілігі бойынша радикалдарды мынадай қатарға орналастыруға болады :




Радикалдардың төмендегідей реакцияларын көрсетуге болады:


1) молекулалардың екі бос радикалға моно- және бимолекулалық диссоциациялануы (тізбектің иницирленуі):




2) бейтарап молекуладан сутегі атомын (гидрид-ионды) айырып алу:




3) радикалдардың қанықпаған молекулалар және жаңа бос радикалдар түзіп ыдырауы; жұптаспаған электроны бар көміртек атомына қатысты ыдырау көбінде β-байланыста жүреді (β - ережесі):



4) қос байланысқа радикалдардың қосылуы:



5) бос радикалдардың изомерленуі:



6) радикалдардың рекомбинациясы (тізбектің үзілуі):



7) радикалдардың диспропорциялануы (тізбектің үзілуі):

